

**Астана қаласы "Мәшһүр Жүсіп" атындағы №57 орта мектеп
мұғалімдерімен сыбайлас жемқорлық туралы өткізілген
жиналыстың анықтамасы.**

2023-2024 оқу жылы 31 тамыз күні №1 педагогикалық кеңесте №57 орта мектеп ұжымымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және ішкі еңбек тәртіп ережелері туралы жиналыс өтті. Жиналыс барысында мектеп директоры Г.Н.Сундетов мен кәсіподақ төрайымы А.А.Менлибекова ешқандай ата - аналардан және оқушыдан ақша жинамау, пара алмау, бағалы сыйлықтар (*мереке күндері мұғалімдер күні, жаңа жыл, 8 наурыз, 7 мамыр және 4, 9, 11 бастауыш, негізгі орта бітіруші және жалпы бітіруші сыныптардан*) алмау, гүлге ақша жинамау, сыныптың жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сынып қорына, кеңсе тауарларын талап етуге, сынып жетекшілерге оқушылардан ақша жинамау туралы және де мұғалімдердің жұмысқа уақытылы келуі, жұмыстың ішкі тәртібін сақтау, жұмыстан себепсіз қалмауы, себепті жағдайларды дер кезінде ескерту, мұғалімнің сыртқы келбеті мен сөйлеуі, жүріс-тұрысы, сабақтарына жүйелі әрі сапалы түрде дайындалу, оқушыларға қол жұмсамау, кемсітпеу, оқушының намысына тиетін сөздер айтпау туралы айтылып таныстырылды. Мектепте ата-аналардан ақша жинауға тыйым салынғаны туралы жалпы ата-аналар жиналыстарында ескертілді. Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп директоры Сундетов Габит Насыровичтың қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралатыны және сенім телефондары жазылып, көрсетілген туралы айтылды.

Кәсіподақ төрайымы



А.А.Менлибекова

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі
ақпараттық стендтерді жаңарту туралы мәлімет**

2023 жылдың қараша айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі ақпараттық стендтер жаңартылды. Мектептің бірінші қабатында орналасқан «Парасатты азамат», «Адам. Қоғам. Құқық» құқықтық бұрышы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ақпараттық стендісінде 1-11 сынып жетекшілері, оқушылар мен педагогтар және ата-аналар танысып отырады. Мектептің ішкі тәртіп ережелері «Мектептегі оқушы ережесі», «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» жыл бойы оқушылар, ата-аналар, мұғалімдердің назарына алынған. Сонымен қатар адалдыққа, сенімділік қарымқатынас орнатуға арналған сені жәшігі жыл бойы мектептің кіре беріс есігінің жанына ілінген.




Кәсіподақ төрайымы

Менлибекова А.А.

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
“Жемқорлыққа жол жоқ!” тақырыбында 8 - 11 сынып оқушылармен
жүргізілген жұмыстың анықтамасы**

2024 жылдың қаңтар айында мектеп Парламенті «Жеті жарғы» бағыты бойынша “Жемқорлыққа жол жоқ!” тақырыбында 8 және 11 сынып оқушылары мен сынып жетекшілерінің арасында іс-шара өткізілді. Іс-шараға мектеп инспекторы Абдигалиева Айнұр Ериковна, тарих, құқық пәнінің мұғалімі Сүндет Бахтияр Хамзаұлы келіп қатысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, қазіргі таңдағы өзекті мәселелер ортаға салынды. Оқушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы “Жемқорлыққа жол жоқ!” тақырыбына түсірілген бейнероликтері көрсетіліп, талқыланды. Оқушылар өздерін еркін ұстап, кері байланыс орнатылды, келген қонақтарға тақырып бойынша сұрақтар қойылды, олар қоғамдағы болып жатқан үрдістерге тоқталып және қойылған сұрақтарына толық, нақты жауабын алды. Кездесу барысында, мектеп инспекторы Абдигалиева Айнұр Ериковна ҚР әкімшілік кодекстің баптарына тоқталып және кәмелетке толмағандар арасында жиі кездесетін құқық бұзушылық фактілеріне тоқталды. Оқушылар іс-шараға белсенділікпен қатысты. Кездесулері қызықты әрі мәдениетті өтті.



Кәсіподақ төрайымы

Менлибекова А.А.

Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
педагогтермен жүргізілген жұмыстың анықтамасы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес! Дөңгелек үстел

2024 жылдың наурыз айында педагогтермен “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес!” тақырыбында дөңгелек үстел өткізіліді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу; профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, жас мамандардың еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу. Мұғалімдер жұмыс барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз ойларымен бөлісіп, жағдаяттарды талдап, сөз жұмбақтарды шешіп белсенділікпен қатысты.



Кәсіподақ төрайымы

Менлибекова А.А.

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске байланысты мұғалімдерге сенім
жәшігі мен сенім телефоны туралы ақпарат**

2024 жылы наурыз айында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі мәселе бойынша мектебімізде “Сенім жәшігі” ай сайын мектеп басшысының қатысуымен қаралды. 2023-2024 оқу жылында ешқандай сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық, т.б. шағым түскен жоқ. Мұғалімдер педагогикалық әдеп, мектептің ішкі тәртібін сақтап, сыбайлас жемқорлыққа ешқандай жол бермей жұмыс жасады. Мектепте ата-аналардан ақша жинауға тыйым салынғаны туралы жалпы ата-аналар жиналыстарында ескертілді. Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп басшысының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралатыны және сенім телефондары жазылып, көрсетілген туралы мұғалімдерге ескертіліп айтылды.

Кәсіподақ төрайымы




Менлибекова А.А.

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп
2023-2024 оқу жылында “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
қалыптастыру жөніндегі” атқарылған жұмыстарының есебі**

2023-2024 оқу жылдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі алдын алу туралы педагогтер мен қызметкерлерге арналған іс-шаралар жоспары құрылып, педагогикалық ұжым, ата-аналар арасында түсіндерме жұмыстары жоспар бойынша жүргізіліп отырды. Оқу жылдың басында сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әдеп нормаларын сақтау және құқық бұзушылықтарының алдын-алу туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Педагог қызметкерлерін ақша қаражатын заңсыз жинауға тыйым салу бұйрығымен таныстырылып, әр мұғалім сыбайлас жемқорлық туралы танысқандығын растап, тізімге қол қойып шықты. Мектептің бірінші қабатында орналасқан «Парасатты азамат», «Адам. Қоғам. Құқық» құқықтық бұрышы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ақпарттық стендісінде 1-11 сынып жетекшілері, оқушылар мен педагогтар және ата-аналар танысып отырады. Мектептің ішкі тәртіп ережелері «Мектептегі оқушы ережесі», «Сенім жәшігі» жыл бойы оқушылар, ата-аналар, мұғалімдердің назарына алынған. Сонымен қатар адалдыққа, сенімділік қарымқатынас орнатуға арналған сені жәшігі жыл бойы мектептің кіре беріс есігінің жанына ілінген. Жыл бойына мектеп қабырғасында «Ақша жинауға жол ЖОҚ» жаднамасы, ақпараттық бұрышы. Мектеп сайтына ақпараттар орналастыру мектеп әкімшілігінің бақылауында болады. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі бұйрықпен ата-аналар, ұстаздар, оқушылар арасында заңсыз ақша жинауға қатаң тиым салу бойынша оқу жылының қыркүйек айында 1-11 сынып ата-аналары жиналыстары мен педагогикалық ұжым жиналысында таныстырылды.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде сыбайлас жемқорлық пен тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша ешқандай педагогикалық әдепті сақтамау мәселелері тіркелген жоқ. Педагогтер арасында құқық бұзушылық ақша жинау, сыйлық алу, бопсалау т.б. мәселелері бойынша да сенім жәшігі мен сенім телефонына хабарламалар түскен жоқ.

Кәсіподақ төрайымы



Менлибекова А.А.